



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ұлттық домбыра күні туралы

Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2018 жылғы
12 маусым № 699

PREZIDENT

БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясындағы Татарстан Республикасына жасаған сапарында Казан федералдық университетіне барды.

Оқытушы-профессорлар құрамымен кездесудің алдында Нұрсұлтан Назарбаев Казан қаласында оқып жатқан Қазақстан студенттерімен әңгімелесті. Мемлекет басшысы жас қазақстандықтарға толағай табыс тілеп, зор жетістіктерге жетулеріне ниеттестік білдірді.

Мемлекет басшысына Казан федералдық университетінің Құрметті профессоры атағы берілді.

Ресей Федерациясының жетекші оқу орындарының бірі саналатын университет ұжымына арналған сөзінде Қазақстан Президенті білім ордасының академиялық және ғылыми базасы мықты екенін, сондай-ақ оның инновациялар саласындағы нақты жетістіктерін атап өтті.

Сапар аясында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар екіжақты қатынастардың қазіргі мәселелері және өзара ынтымақтастықты дамытудың алдағы жоспарлары жөнінде әңгімелесті.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы байланыстарды нығайтудың перспективті бағыттарына тоқталып, Татарстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының қарқыны жоғары екенін атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Татарстан арасында бауырластық әрі сенімді қарым-қатынас орнағанын айтты.

Қазақстан Президенті сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты жаңадандырудың маңыздылығына назар аударды.

– Сіздерде IT-технологиялар саласы жақсы дамып келеді. Біздің жастарымыз бұл тәжірибені зерттеуі керек. Өңіраралық ынтымақтастық та ілгерілеп келеді. Екі жақты сауда көлемі 700 миллион долларға дейін өсті. Енді 1 миллиард доллар көрсеткішіне қол жеткізу керек, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет



ҰСТАЗДАРЫ ТАЛАНТТЫ, ШӘКІРТТЕРІ ТАЛАПТЫ

3

СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АТАСЫ



4

ҚАЛА ТОЙЫНА ТОЛЫМДЫ ТАРТУ



6

AZAMATTYQ QOǴAM

Береке бастауы – бірлескен іс



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Ашық азаматтық қоғам – белсенді даму» тақырыбындағы үкіметтік емес ұйым өкілдерімен өткен кездесуге қатысты. Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Өркениет Қызылорда» қоғамдық қоры ұйымдастырған шараға өңірде белсенді жұмыс істеп жүрген қоғамдық ұйымдар өкілдері жиналды.

Кездесуді облыстық Азаматтық Альянс қауымдастығының төрайымы Ақтолықын Сунғур жүргізді. Жиында сөз сөйлеген аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны туралы қысқаша баяндады. Ұлт Көшбасшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуіне қатысты қолға алынған жұмыстарға тоқталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы бірнеше мәдени-әлеуметтік және ғылыми-танымдық маңызды жобаларды атап өткен Қырымбек Елеуұлы әлемдік кеңістікте ұлтымыздың табысты болуы оның табиғи байлығынан бұрын азаматтардың бәсекеге қабілеттілігімен өлшенетінін айтты.

– Сондықтан әрбір қазақстандық, яғни, біз, тұтас ұлт ретінде ХХІ ғасырғалайықты қасиеттерге ие болуымыз керек. Ол – ұлттық намыс, мәдени ашықтық, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, – деді облыс басшысы. Ата-баба дәстүріне сай даулы мәселелерді сотсыз шешу институттарын дамыту үшін құрылған Сотсыз татуласу орталығының бірінші болып біздің өңірде жұмыс істей бастауы кездейсоқтық емес. Ұлттық құндылықтар ұлықталған, салт-дәстүрі сақталған аймақ ретінде бізде зор әлеуеттік негіз бар.

Аймақ басшысы Елбасының Бес әлеуметтік бастамасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан шараларды да атап өтті. «Нұрлы жер» бағдарламасы

бойынша 667,4 мың шаршы метр тұрғын үй салу және жаңа тұрғын үй аумақтарына 495 шақырым инженерлік желілер жүргізу жоспарлануда. Қазір 3 жылға арналған «Орда» тұрғын үй құрылысының Жол картасы әзірленді. Бұл көпбалалы отбасылар, мүгедектер мен тұрғындардың аз қамтылған топтарына арналған. Әдетте осы топтағылардың алдын ала төлемді салуға қаражаты болмайды. Осыны ескеріп «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан несиелік тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен сатып алуға жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңге қаржы бөлу туралы шешім қабылданды. Олар тұрғындарға кейін өтеу құқығымен алғашқы төлемсіз ай сайынғы жалға алу құны шартымен беріледі. «Орда» тұрғын үй бағдарламасы Президент бастамасының қисынді жалғасы және Сыр өңірі – бұл бағдарламаны жүзеге асырып отырған бірден-бір аймақ. Қазір басқа өңірлер «Орда» бағдарламасын зерттеуге қызығушылық танытуда.

2-бет

KÁSIBI MEREKE

САЛА ҮЗДІКТЕРІ СЕРТИФИКАТ ИЕЛЕНДІ

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шара өтті. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев тұрғындар саулығын сақтауда аянбай еңбек етіп, медицина саласының дамуына үлес қосып жүрген дәрігерлер қауымын құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Өлемдегі қай мамандықтың да маңызы зор. Әйтсе де, адам жанының арашаңшы болған ақ халатты абзал жандардың орны ерекше екені даусыз. Денсаулық – адамның баға жетпес байлығы. Осы орайда Сырдағы денсаулық сақтау саласында нәтижелі істер атқарылып, жетістіктерге қол жеткіздік. Салаға заманауи технологияларды енгізуге, материалдық-техникалық базаны күшейтуге, профилактикаға көңіл бөлінуде. Қаржыландыру көлемі соңғы бес жылда 30 процентке артты. Соңғы үш жылдан бері қажетті медициналық мамандықтар бойынша резидентураға гранттар бөлініп жатыр, биыл 25 грант бөлінді. Сонымен қатар, биылдан бастап орта мектептер мен медициналық колледждердің үздік бітірушілеріне облыс әкімінің арнайы гранты тағайындалып отыр. Мамандарымыз Корея мемлекетінде және Ресейде білімін жетілдіруге, Қытай, Австрия мамандарымен тәжірибе алмасып, озық технологияларды енгізуге мүмкіндік алып отыр, – деп атап өтті облыс әкімі.

Одан бөлек, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша сала медициналық ақпараттық жүйемен 100 процент қамтылса, цифрлық технологияларды енгізуге, компьютерлендіруге жергілікті бюджеттен осы жылы 365 млн теңге бөлінген. Сонымен бірге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қарқынды дамуда. Өткен жылы 4 жоба іске асырылса, биыл жалпы құны 14 млрд теңгені құрайтын 28 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.



Атқарылған шаралар нәтижесінде жалпы өлім-жітім төмендеді, оның ішінде нәрестелер өлімі 41,2 процентке, қатерлі ісіктен 22,8 процентке, туберкулезден өлім-жітім 2 есеге азайған.

Салтанатты шарада облыс әкімі бірқатар сала қызметкерлерін марапаттап, Құрмет грамотасын, Алғыс хат, «Еңбек ардагері» медалі мен «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және жоспарлануда.

«Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілерін табыстады.

Жыл қорытындысы бойынша үздік дәрігерлер анықталып, оларға 500 мың теңгенің сертификаты берілді.

Шара соңы мерекелік концертке ұласты.

**Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».**

БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

1-бет

Қазақстан Президенті машина жасау, қорғаныс және ғарыш өнеркәсібі салаларында бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндігі жөнінде айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев Татарстанның мұнай өнімдерін қайта өңдеу саласындағы тәжірибесін атап өтті.

– Барлық мемлекеттер баламалы энергия көздерін пайдалануға көшетін болады. Бірақ, таяу 50 жыл ішінде мұнай мен газға деген сұраныс та сақтала береді. Осы уақыт кезеңін пайдаланып, біз өңдеу өнеркәсібін құруымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне назар аударды.

– Ауыл шаруашылығы ғылымын дамыту қажет. Ресейге ет өнімдерін де жеткізе аламыз. Біз жоғары сапалы сиыр етін өндіру үшін шет елден асылтұқымды ірі қара малды алып келдік, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның көлік-транзит әлеуетін дамытудың және инфрақұрылымдық бағдарламаларды жүзеге асырудың нәтижелеріне тоқталды.

Қазақстан Президенті мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, соның ішінде білім беру мен медицина саласындағы байланыстарды нығайту мәселелеріне назар аударды.

– Қазан қаласының табысты дамып келе жатқанына қуаныштымын. Ресеймен өзара жалпы қарым-қатынасымыз тұрғысынан алғанда Татарстан жетекші орындардың бірінде. Біз екі халықтың игілігі үшін ынтымақтастығымызды жалғастыра беретін боламыз, – деді Мемлекет басшысы.



Нұрсұлтан Назарбаев Р.Миннихановтың елдеріміз арасындағы достық қатынастарды, өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, Татарстан Республикасының Президентін бірінші дәрежелі

«Достық» орденімен марапаттады.

Рустам Минниханов экономиканың түрлі секторларындағы тиімді екі жақты ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

– Бүгінде Қазақстан – біздің басты

серіктесіміз. Табысты бірлескен жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі маңызды болып саналады, – деді Татарстан Республикасының Президенті.

Р.Минниханов Қазақстандағы білім беру жүйесінің даму қарқынын

атап өтіп, студент алмасу үдерісін жандандыруға дайын екенін жеткізді.

Татарстан Президенті Астанадағы халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін аралап көрген кезде алған әсері

жөнінде айтты.

– «ЭКСПО-2017» көрмесі жоғары деңгейде өтті. Сіздің арқанызда қуатты әрі заманауи алаң бой көтерді. Осы кешеннің базасында «Астана» халықаралық қаржы орталығының ашылуы айтулы оқиға болады деп ойлаймын. Келешекте Қазақстандағы әріптестерімізбен бірге «Астана» халықаралық қаржы орталығы аясында жұмыс істегіміз келеді, – деді Р.Минниханов.

Мемлекет басшысы Татарстан Республикасына жұмыс сапары барысында өнеркәсіп кәсіпорындарының көрмесіне барды.

Қазақстан Президентіне кеме және машина жасау, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібі кешені саласындағы кәсіпорындардың өнімі көрсетілді.

Атап айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаев экологиялық тұрғыдан таза және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын көлік техникасының үлгілерімен танысты.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Бұлғар қаласын және аумағында Успен Кудай-ана ерлер монастырінің басты ғибадатханасы – Успен соборы орналасқан Град Свяжск аралын қайта жаңғырту жоспарымен танысты.

Успен соборын қалпына келтіру жұмыстары 1954 жылдан бері жүргізіліп келеді. 1970-1980 жылдары собордың қабырғаға салынған фреска кескіндемелері толық зерттелді.

Кешен мұрасын қазіргі кезеңдегі жаңғырту және қалпына келтіру жұмыстары 1990-жылдары басталды. Сол кезде бұл бастамаға Татарстан Республикасының маңызды мемлекеттік бағдарламасы ретінде мән берілді.

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛЕСКЕН ІС

1-бет

Сондай-ақ Қызылорда – талабы таудай жастарға өмірлік аздық боларлық білім беруді ұйымдастырған жалғыз облыс. Ресейдің жетекші техникалық жоғары оқу орындарында, облыс әкімінің грантымен еліміздегі университеттерде, «Серпін» бағдарламасымен оқып жатқан жастардың болашақтарынан ата-аналар да, өңір басшылығы да үлкен үміт күтіп отыр.

Быыл аймақта «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы», Бюджеті 32 млрд теңгені құрайтын кәсіпкерлікті дамытудың «Жол картасы» бекітілді. Ендігі кезекте 90 мыңнан астам өзін өнімсіз жұмыспен қамтығандарды жұмысқа орналастыру, ол үшін биылғы атауды жылда ауқымды шараларды жүзеге асыру міндеті тұр. Кәсіпкерлікті дамытуға байланысты облыс әкімі әрбір елді мекендегі жұмыс сарапқа салынатынын, ол үшін әрбір әкім, сапа жетекшілері жауапты екенін, оған үкіметтік емес ұйымдар да ерекше атсалысу қажеттігін айтты. Өйткені барлық мәселенің шешімі осы кәсіпкерлікті дамытуға байланысты.

Азаматтық сектордың қызметіне қолдау көрсету үшін былтыр жергілікті бюджеттен 181 әлеуметтік жобаны іске асыруға 1,2 млрд теңге қарастырылса, биыл 954,8 млн теңге қаржы бөлінген. Жыл соңына дейін тағы қосымша ақша бөлінетін болады. Жалпы облыс республикада үкіметтік емес ұйым қызметін қаржыландыру жағынан көш басында. Қоғамдық ұйымдарға әдістемелік-құқықтық көмек көрсететін ақпараттық ресурстық орталықтың қызметін ұйымдастыруға 4,3 млн теңге бөлініп, оның жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік жобалардың негізгі бағыттары – қоғамдық келісімді және ұлттық бірлікті нығайту, жастар саясатын іске асыру мен балалар бастамаларын қолдау, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына қолдау көрсету.

Кездесуде облыстық Азаматтық Альянс қауымдастығының

төрайымы А.Сунгур қоғамдық ұйымдардың тұрақты дамуына жағдай туғызу, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау, олардың қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешудегі рөлін арттыру туралы хабарлама жасады.

«Рухани жаңғыру» өңірлік орталығының директоры Нұрлыбек Мыңжас «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға үкіметтік емес ұйымдардың 30 проценті ғана қатысатынын айтты. Бұл бағытта «Сыр елі және ХХІ ғасыр», «Ашық азаматтық», «Руханиетті қолдау», «Өркениет Қызылорда», «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы», «Туған жер», «Темірқазық», «Ізет» қоғамдық бірлестіктері мен қорлары жұмыс жүргізуде. Орталық басшысы жергілікті бюджеттен әлеуметтік жобалар алған үкіметтік емес ұйымдарды ғана емес, барлық азаматтық қоғам институттарын қоғамдық сана ны жаңғыртуға бірлесе жұмыс жасауға шақырды. Өйткені қоғамдық сана ны өзгерту, ұлттық құндылықтарды жаңғырту, ұлттың бәсекелік қабілетін арттыруда үкіметтік емес ұйым мүшелерінің белсенді араласуы қажет.

«Ізет» қоғамдық қорының төрағасы Шыңғыс Үлбетаев кәсіпкерлікке оқыту, біліктілікті арттыру тұрғысындағы ой-пікірлерін ортаға салды.

– Кәсіпкерлер палатасына өз жобамды ұсынуға барғанда кәсіпкерлікке қызығушылық танытушылардың көбейгенін байқадық. ҰЕҰ-лар да жаппай кәсіпкерлікті дамыту шараларына үлес қосып келеді. Кәсіпке баулу, іс жүргізудің әліппесін үйрету мақсатында курстар, бизнес-тренингтер, семинарлар жиі ұйымдастырылады, – деді ол.

Қазір «Ізет» қоғамдық қоры «ZhasProject» бағыты бойынша оқуы, жұмысы жоқ жастарға жоба жазуды, оларды гранттық конкурстарға ұсынууды үйрететін тренингтер өткізуде. «Колжетімді орта» жобасы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандардың мекемелерге еркін кіріп-шығуын қамтамасыз ету, яғни пандустардың стандартқа

сәйкес орнатылуына үлес қосты. Жылыжайлар орнату жобасы мүлде тың бастамаға негіз болды. Алғашында Ресейден алдырылған жылыжайларды кейіннен өздері де жасай алатындықтарын байқады. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының гранттық конкурсына жоба ұсынды. Ш.Үлбетаевтың айтуынша, өз ісін ашып, оны дөңгелетуге жастардың жалын-жігері жетеді. Ол алдағы уақытта кәсіпкерлер палатасы немесе жастар басқармасы жанынан жас кәсіпкерлер кеңесін құру туралы ұсынысын жеткізді.

Сырдария ауданы Айдарлы ауылындағы түкті кілем тоқуыды үйрету шеберханасының ұйымдастырушысы Роза Әлбатырова қазақтың түкті кілеміне сұраныстың көбейіп отырғанын айтты. Әлеуметтік жобалар конкурсына қатысу арқылы кілем станоктарын, тігін машиналарын, басқа да құрал-жабдықтар, шикізаттар алды. Қазір қоғамдық бірлестік түкті кілемді жаңғыртуды жолға қойды. Тапсырыс шетелдерден де түсіп жатады. Бүгінде Р.Әлбатырованың 100-ден аса шәкірті бар.

– Кілеммен қатар тігін де тігеміз. Жан-жақтан тапсырыс түсіп жатыр. Мен көптен бері келіншектер мен әжелер киімі туралы жобаны ойымда пісіріп келемін. Келіншек – жұрттың бәрінің назарында болатын әулетінің айнасы. Оның киімі сәнді де салтанатты, ыңғайлы болуы керек. Ал әжелердің киімі балаларының әлеуетіне, дәрежесіне сай, салиқалы, әулетінің анасы екенін айқындап тұруы тиіс, – деді шебер.

Шебердің айтуынша, нарықты жаулап алған сапасыз маталардан тігілген, бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ бадырайған оюлар, жасыр-ма тастар, сапасыз кестелер салынған киімдер жас келіншектерге де, қадірлі әжелерге де лайықты емес. Оның ендігі мақсаты – әйелдер киімін тігетін шеберхана ашу. Тігіншілер, дизайнерлер, шеберлер мен тоқыамшылар дайын. Қаражат мәселесі шешілсе, 2 айда сан көрсетілімін өткізуді жоспарлап отыр. Қазір ауыл әкімдігі

шеберханаға ғимарат берді. Тапсырысты әлеуметтік желі арқылы қабылдауға болады.

Аймақ басшысы өңірлік инвестициялық орталыққа қаржы бөлу мәселесін тез арада шешіп беруді тапсырды.

Жалағаш ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Садық Әлиев ардагерлер мен зейнеткерлердің басын қосқан ұйымның жұмысымен таныстырды. Қоғамдық бірлестік әлеуметтік тапсырыстармен қатар халықаралық қорлармен де тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Қоғамдық келісімді нығайту, ардагерлердің салауатты өмір салтын қалыптастыру, оларға әртүрлі әлеуметтік және медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру, жастар тәрбиесіне қатысты жобаларды жүзеге асыруда. БҰҰ Даму бағдарламасының, Ұлыбритания елшілігінің, ЮСАИД қорының жобаларын жүзеге асыру арқылы бірлестік көптеген бастамаларға ұйытқы болды. Нәтижесінде аға буын өкілдері елдің ынтымағы мен тыныштығын, ұрпақтар сабақтастығының сақталуына өз үлесітерін қосып отыр.

Жиында «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Жандос Тұсмағамбетов «Әлеуметтік балабақша» жобасының қажеттілігі туралы айта келіп, турмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерді қолдау шараларымен таныстырды. Дағдарыс орталығын паналаушылардың басым бөлігі аналар мен балалар болғандықтан, әйелдер балаларын балабақшаға орналастыра алмайды. Сондықтан ондай балаларға әлеуметтік, психологиялық, медициналық көмек көрсететін орталық керек.

Балалары балабақшаға барса, аналары мелекеттік бағдарламалар бойынша арнайы курстардан өтіп, мамандық алар еді. Облыс әкімі облыстық білім басқармасының басшылығына осы мәселені жіті зерттеп, ұсыныс беруді тапсырды.

Кездесу барысында білік пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қарым-қатынасын орнықтыратын кеңестер, еліміздің әлеуметтік модернизациясында үкіметтік емес ұйымдардың алатын орны, білікпен бірлескен іс-қимылдың маңызы жайлы айтылды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы».

ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қолданыстағы жер заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды кеңінен түсіндіру мақсатында АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің және «Атамекен» ҰКП өкілдері өңірімізде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Облыс әкімдігінде, облыстық кәсіпкерлер палатасында, Шиелі және Жаңақорған аудандарында өткен шарада жаңа нормалар жан-жақты талқыланды.

– Жер заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес бірқатар актілер қабылданып, бұйрықтарды Ауыл шаруашылығы министрлігі осы жылдың тамыз

айына дейін бекітуді жоспарлап отыр, – деді АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің төраға орынбасары Г.Бимендина.

Яғни, ауыл шаруашылығы жерлерін конкурс арқылы беру, аудио-бейнежазба құралдарын қолдану, жер комиссиясы туралы ережені бекіту, «бір қолда» болуы мүмкін ауыл шаруашылығы жер-

лерінің ең жоғары шекті мөлшері туралы құжаттар қабылданып бекітіледі.

Осы ретте, Жер кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды іске асыруда жергілікті әкімдіктер алдына жаңа міндеттер белгіленіп, бірқатар шараларды ұйымдастыру қажеттілігі тұр.

Түсіндірмелік шаралар кезінде жер қатынастары саласында бірқатар мәселелер көтеріліп, қосымша ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Н.САҒАТҰЛЫ.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТАПҚЫ ОРЫНДА

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, осы оқу жылында 136 мыңнан астам бала жазғы демалыспен қамтамасыз етіледі. Бұл – барлық оқушының 97 проценті. Оның ішінде 9 лагерь 7 ауысымда тынығушыларды қабылдауды бастап кетті. Ал 111 мыңнан астам бала мектеп жанындағы лагерьлерге барады.

Каникул кезінде қауіпсіздік мәселесі аса маңызды. Қазіргі уақытта тынығу орындарындағы өрт қауіпсіздігін тексеру шаралары толығымен аяқталды. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне сүйенсек, әзірге тек Аралдағы «Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы, Шиелідегі «Сыр ұланы» мен Сырдария ауданындағы «Жалын» лагерьлерінде талап сақталып отыр.

Тексеру нәтижесінде қауіпсіздік ережесін сақтамаудың 38 дерегі анықталды. Оның 5-іне қатысты әкімшілік шара көріліп, 3-іне айыппұл салынды. Білім беру нысандарының өрт қауіпсіздігі жағдайы туралы жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті

білім беру басқармасы мен бөлімдеріне ұсыныстар жолданды.

Департамент тек тексеріспен немесе жазалаумен шектеліп отырған жоқ. Үнемі көпшілік арасында түсіндірме жұмысын жүргізіп, қауіпсіздік талаптарын ескертумен келеді. Сөзіміз дәлелсіз болмасын, бұған дейін лагерьлердегі топтар арасында сайыстар ұйымдастырып, бейнероликтер көрсетті. Демалушы балғындарға тиісті құрал-жабдықтарды, өрт сөндіру көліктерін таныстырды. Бұл бағыттағы шаралар жазғы тынығу маусымы аяқталғанға дейін жалғасады.

Алда тұрған басты міндет – жазғы мезгілде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы ретте лагерь басшылары мен білім бөлімдерінің жауапты қызметкерлері біліктіліктерін арттырды. Облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің мамандарымен бірге барлық демалыс орнының ауласына, үй-жайларына залалсыздандыру, зарарсыздандыру және ағымдағы жөндеу шаралары жүргізілді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

PIKIR

ТІЛЕГІМІЗ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Бүкіл әлем ұлы өзгерістерді бастан өткізуде. Жаңа технологиялар заманы өз дегенін жасауда. Қоғам дамуына ілесіп жүріп, қадам басу емес, оның негізгі қозғаушы күшіне айналу әрбір азаматтың, ұлттың тағдыр кешті міндетіне айналғанына да тәуелсіздік жылдарының әрбір күні куә.

Мемлекетіміздің негізінің берік қалануы әрбір қазақтың, Республиканың әрбір азаматының саяси көзқарасының тұрақтылығына, еліміздің болашағына деген сенімінің нық болуына тікелей байланысты. Кейбір бұқаралық ақпарат беттерінде, түрлі-түрлі әлеуметтік желілерде өз көзқарастарын білдірген белгілі бір топтардың іс-әрекеттері бой көрсете бастады. Ойланатын жағдай. Елдің бірлігіне, татулық тірлігіне, болашағымызға көлеңке түсіретін жайттар екенін мойындауымыз керек. Әрбір саналы азамат асқан жауапкершілікпен ойлануы керек. Қазіргі заман «бара жатқанмен» барып, «келе жатқанмен» еріп жүретін уақыт емес. Оқығанымыз бар, тоқығанымыз

жеткілікті, білімді азаматтарымыз осы жағына сақ болуымыз керек. Қандай жағдайда да бір нәрсені ұмытпауға тиістіміз. Ол – еліміздің тәуелсіздігі, территориямыздың тұтастығы, халқымыздың ауызбіршілігі, ынтымағы.

Бізге бір нәрсе анық болу керек. Демократиялық қоғамның негізі – әрбір қабылданған заң актілерінің сөзсіз орындалуына қол жеткізу, ал оның түпкі мақсаты – тұрмысымызды жақсартуға негіз қалау, азаматтардың бостандығын, еркіндігін қамтамасыз ету. Бұл жолда біреулердің арандатуына ермей, тұтастықты сақтау өте маңызды. Бұл біздің әрқайсысымыздың асқан жауапкершілікпен қарайтын перзенттік – туған жер, Отан алдындағы борышымыз. Тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат, қасиетті ұғым.

Сайлаубай ӘБІШЕВ, Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

БІРЛІКТІҢ ҚАДІРІН ҚАЗАҚ БІРІНШІ ОРЫНҒА ҚОЙҒАН

Әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастардың әртүрлі ақпаратқа алаңдап, кездейсоқ ағымның алдында дәрменсіздік танытып қоятын кездері кездеседі. Бұл көбіне алған тәрбиеге, араласқан ортаға байланысты. Бойында ұлттық мінез-құлық қалыптасқан білімді жас өз елінің заңдарын құрметтейді, күш-жігерін халқының әлеуметтік-экономикалық қуаттану жолына жұмсайды.

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қандай күйді бастан кешті? Тәуелсіздік жылдары қандай табыстарға жеттік, қандай биіктерді бағындырдық? Осының бәрі жүзеге қалай асты? Мұндай

сұрақтардың жауабын іздеген адам бүгінгі замана келбетінен дөп басып табады.

Ал, енді барды көрмей, бастағанға ермей, «алатайдай бүлінгендерге» қосылып, елдің ауызбірлігіне, қауіпсіздігіне сызат салатын жас буынның қылығына қалай баға беруге болады? Бұл елін, халқын, Отанын құрметтемей, өзі болғандай өктемшілдің, кеудемсоқтықтың ісі емес пе? Мен әсіреқызыл әбілэзовшілдерді, егемен елінен жырақтап жүрген жырдындағы жақ болып жүрген жастарды айтып отырмын.

Қазақта қай кезде де бірліктен артық қасиет болмаған. Халқымыз ақтабаннан

да, аштықтан да, жоқтықтан да бірлік пен тірлікті паналап аман қалған. «Төртеу түгел болса, төбегеі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деп өсиет қалдырған.

«Бірлік – баға жетпес байлығымыз. Тұрақтылық – біздің татулығымыздың берік болуы үшін табан тірейтін тұғырымыз». Кең-байтақ елімізде жүзден аса ұлт өкілдері бірлікті ту етіп, өмір сүріп келе жатыр.

Сол бірлікті бағнды ететін де жастар, өйткені келешек сендердің қолдарыңда, жас өркен.

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ, ҰҒА академигі.

Адамның аты оның жарты тағдыры деген қасқабас қағида бар. Сондықтан да ата-ана баласына ат қоярда өздерінің аңсаған асыл арманын, үкілі үмітін, ақ тілегін, мақсатын, мүддесін, мұратын перзентінің атына арттады.

Ал біздің кейіпкеріміздің ата-анасы да «баламыз елдің, халықтың қажетіне жарайтын азамат болсын, бақытты болсын, арманына, мақсатына, мұратына жетсін» деп атын Мұрат қойған. Ата-ананың ақ тілегі Алланың құлағына шалынып, Мұрат еліне,

Кейде, егер Алла тағала жоғарыдағы материалдық игіліктерді ақылды бөлгендейше шеберлікпен бөлсе, өмірде ешқандай проблема болмас еді-ау деп те қиялдайсың.

Алланың шеберлігі сонда, әрбір қазақ адам өзін ақылдымен деп сезінетіндей етіп жаратқан, ол біріншіден, өзінің ақымақтығын білмейді. Екіншіден, ақымаққа ақыл айтсаң, ақылыңның керегі жоқ, өз ақылым жетіп жатыр дейді.



«Екіншіден – білім артық, өйткені ол сені бағады, ал байлықты сен бағасың».

«Үшіншіден – білім артық, өйткені ол досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпандарыңды көбейтеді».

«Төртіншіден, білім деген ізденген сайын көбейсе береді, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсаған сайын азаяды, көбеймейді, кемиді».

«Бесіншіден – білім артық, оны ұрыдан сақтаудың қажеті жоқ, ал мал-мүлікті, жи-

Бұл не деген ізгілікті, иманды іс десеніші?!

Мұрат, әсіресе, Мұстафа Шоқайдың зиялылық қасиеттерін өзіне үлгі, өнеге тұтты, зиялылықты өзінің өмір заңына айналдырып келеді.

Зиялы деген – қасиетті, киелі ұғым, атақ, теңдесі жоқ құндылық, абырой. Қазіргідей зиялы деп жүргендеріміздің зияндыға айналып жатқан заманда шын зиялылардың ел, халық алдындағы бағы жанып, бағасы аспандай түсуде.

Зиялы деп кімдерді айтуға болады?

Біздің қоғамда ақылдылар, білімділер, ақындар, жазушылар, бастықтар, байлар көп-ақ. Бірақ, екінішке орай, олардың барлығы бірдей зиялы емес.

Зиялы деп халықтың, елдің сөзін сөйлейтін, жоғын жоқтайтын, мұңын мұңдайтын, халықпен бірге жылап, бірге күлетін, ханның алдында да, қараның алдында да қасқайып тұрып ақты ақ, қараны қара, барды бар, жоқты жоқ, жақсыны жақсы, жаманды жаман деп айта алатын, сын саратында ел, халық үшін басын бөйгеге тіге алатын азаматты айтады.

Ахмет Байтұрсынов: «Дұшпанымнан қорықпаймын, көп болса атар», «Досымнан қорықпаймын, көп болса сатар», «немкетті, немқұрайлы, бейжай, бейтарап адамдардан қорқамын» деген екен.

Сондай-ақ орыстарда бір ақылға қонатын сөздер бар:

Біріншісі: «Нельзя опираться на то, что не оказывает сопротивление». Мен оны «Суға сүйенуге болмайды, суға сүйенсең, алдымен қолың батады, сосын өзің батасың» деп аудардым.

Екіншісі: «Шука на то, чтобы карась не дремал».

Біздің қоғамымыздың демократиялық, өркеніетті жолмен дамуы үшін, қоғамымыз қалғып кетпеу үшін, ләппайбайлар мен мақұлбайлардан гөрі ешкімге және ешнәрсеге бейжай, бейтарап, немкетті, немқұрайлы қарамай, қара қылды қақ жаратын зиялыларға аса мұқтаж.

Мұрат қоғамда өтіп жатқан ірілі-ұсақты оқиғалардың бірде-бірін қалт жібермей, дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс деп, жетістігімізді жетістік деп, кемшілігімізді кемшілік деп ашық айтып, ашып айтып, Парламенттің төрінде отырып төрелік айтумен келеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда ел, халық Мұрат Бақтиярұлын Республикадағы біршоғыр зиялы қауымның құрметті мүшесі деп есептейді.

Халық даналығы: «Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды» дейді. Мұраттың өміріндегі ең басты сәттілігі оның қосының оңандығы.

Осыдан 32 жыл бұрын Мұрат пен Зағипа басқосып, сүттей-үйеуіған отбасын құрып, тату-тәтті, үйлесімді, үндес, бақытты өмір сүріп келеді. Зағипа да филология ғылымдарының кандидаты, ұстаз, білімді, парасатты, зерделі азаматша. Зағипа – Мұраттың терезесі тең, керегесі кең тән, жан серігі, қолдаушысы, қорғаушысы, демеушісі, жебеушісі, творчестволық әріптесі. Мұраттың бабын да, бағын да жандырып отырған жан. «Бір жақсы, бір жаман әр жерде бар, екі жақсы қосылған қай жерде бар» деген осы да. Осындай өнегелі отбасында Алгерім, Еңлік, Ахкеремді білімді, тәрбиелі қыздар өсіп шықты. Адамзаттың асылы Мұхаммед Пайғамбар: «Үш қызды тәрбиелеп балағатқа жеткізген ата-ананың жанныағаты орны менің жанымда болады» деген екен. Иншалла, лайым солай болғай.

Мұрат пен Зағипа «Қыз да болса ұлым-дайсың, омыртқаның ішіндегі жұлын-дайсың» деп күміс қасқытты, үш қыз берген Аллаға мың да бір шүкіршілік қылып жүргенде мырза Құдай олардың пейіліне, ниетіне, шүкіршілігіне риза болып, алтын асықтай үл сыйлады.

Аманжол қазір он екіде, алтыншы сыныпқа көшті. Үш апасын тәте дейді, тату-тәтті отбасының қызығы да қуанышы – Аманжол. Бала бақыты, ата-ана бақыты дегеніміз осы емес пе?

Біз Мұратпен соңғы жиырма жылдың үстінде етене таныспыз, біліспіз, ағалы-інілі, жақын қарым-қатынастамыз, сыйластыз, сырласпыз, бір-бірімізге тілектеспіз, тығыз творчестволық әріптестерміз. Арамыздың жақындығын сонышалықты кейде екеумізге бұдан да ертерек таныс болмадық-ау деген өкініш те жоқ емес. Сыйластық деген екі адамға бірдей тікелей байланысты жайт қой.

Қазақ: «Сыйға сырық бойламайды», «Сыйға – сый, сыраға бал», «Әркім сыйлағанның құлы» дейді. Адам түгүлі ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж емес, бүкіл әлемнің, адамзаттың жаратушысы Құдайдың өзі де сыйлағанды, атына мадақ, жақсы айтқанды ұнатады екен. Құдай «Егер сен маған қарай бір қадам жүрсен, мен саған қарай он қадам жүремін, егер сен маған қарай он қадам жүрсен, мен саған қарай жүгіремін» дейді екен. Мұрат бізге қарай бір қадам да, он қадам да жасап, жүгіретін жерінде жүгіріп те жүр. Біз де солаймыз. Халық даналығы: «Бір дұшпан аздық қылмайды, 1000 дос көптік қылмайды», «Бір адал дос бар адам бақытты» дейді. Біздер Мұраттай дос інімізбен мақтанамыз, шаттанамыз.

Мұрат бүгінде алпыс жаста. Алпыс деген – адам өмірінің бір өткелі, белі, белесі, төбесі. Бұл төбеге шыққан азамат өткенді толғайды, қазіргіні талдайды, болашақты алыстан болжайды. Алпыс деген – самайға ақ түсетін жас, адамның ақылға әбден пісетін жас. Сондықтан да шығыс даналығы алпысқа келмегеннен ақыл сұрама дейді. Алпыс деген – адамның ақылы мен арманы адаспайтын, қиялы қыңдырып қыр аспайтын, ойы отыз саққа бөлінбейтін, азаматтың ақыл-есі, қадір-қасиеті, қабілет-қауқарының төрт құбыласы түгүлденетін жас. Алпыс деген азаматтың көргенінен көретіні көп, бергенінен беретіні көп, нағыз мәуелі, жемісті, жеңісті, қазыналы жас. Алпыс деген – үлкендікке, даналыққа, даралыққа, ақсақалдыққа, абыздыққа апарар алғашқы бастапдақ.

Құлама академик Әлкей Марғұланша қайырсақ: «Білеміз, білгеннен соң айтамыз».

Мұрат! 60-қа басқан қадамың құтты болсын!

Сапарын сәтті болсын, Атың арымасын, Тоның тозбасын, Абыройың, бедел-берекең ортаймасын, Бақытты бол!



Ұлт мұратын ұлықтаған МҰРАТ

Өмірде – өршіл, саясатта – сарабдал, ғылымда – тұрлаулы, турашыл тұлға.

Сейілбек ШАУХАМАНОВ.

халқына белгілі, абыройлы, досы түгілі дұшпаны да кеміте алмайтын қазақтың тұғырлы тұлғасына айналып, мұратына жетті.

Ол – үш бірдей университетті бітірген тарихшы, заңгер, экономист, ұстаз, ұстаздардың ұстазы, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы, профессор, саясаткер, қоғам қайраткері. Ұзақ жылдар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы және Қазақ Мемлекеттік Заң университетінің Қызылорда филиалында директор болып қызмет атқарды.

1999-2003 жылдары Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. 2008 жылы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды. 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, тәуелсіз мемлекетіміздің ең жоғарғы саяси сахнасы –Сенатқа Қызылорда облысынан сайланған екі депутаттың бірі. «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалі және «Құрмет» орденімен марапатталған.

300-ден аса ғылыми, публицистикалық, танымдық еңбектері жарық көрді. Оннан астам ғылыми монография мен оқулықтардың авторы. Бұл, сөзсіз, Мұрат Бақтиярұлының 60 жылдық мәнді, мағыналы, мақсатты өмірінің, жасампаздық еңбегінің нәтижесі.

Әдетте, адам өмірінің екі өлшемі болады. Біріншісі – өзінің жасаған жасаы. Екіншісі, атқарған ісімен, артындағы тасқа таңба басқандай етіп қалдырған ізімен өлшенеді. Екінші өлшеммен келсек, Мұраттың халық, ел, болашақ үшін, уақыт, тарих үшін үдесінен шығып, жүзеге асырған қыруар игілікті, ізгілікті жұмыстары, жеткен дәрежесі мен деңгейі жүз жылға тұрарлық десек, әділдіктің ауылынан алыстай қоймаспыз деп ойлаймын.

Дана қазақ: «Аттың жақсысын – қазанат, жігіттің жақсысын – азамат» дейді.

Әрбір адам бір әлем, шешілмеген жұмбақ, құпия, құбылыс. Адам Алла тағаланың ең бір керемет туындысы, сәтті шыққан шығармасы. Оның сан алуан қырлары мен сырларының, қадір-қасиетінің, қабілет-қауқарының, адами, қазақи болмысының, парқының, нарқының бағасы – құрметті, қасиетті, киелі Азамат деген ат басында абыройы атаяқ.

Мұрат тәні де, жаны да таза, 62 тамырында адал қан ағып жатқан, парасатты, білімді, мәдениетті, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды, иманды, үлкендердің ортасында кіші емес, кішілердің ортасында үлкен емес, ақылды азамат.

Осыдан екі-үш жыл бұрын Мұрат маған, әлем ғалымдарының пайымдауынша, 100 адамның біреуі өмірге икемді, 1000 адамның біреуі жетекші болуға жарарлық, он мың адамның бірі ақылды, жүз мың адамның бірі барлық талаптарға сай ізгі адам, ал тек миллионнан бір кісі данышпан, кемеңгер басшы болуы мүмкін деген дерек-мәлімет берді.

Атам қазақ: «Ақыл – жастан, асыл – тастан», «Ақылы асса, ініні де аға тұт» дейді. Бұл деректегі ақыл жөніндегі пәлсапа мені қатпары қалың, бір терең ой орманына жетеледі.

Әрбір адам өз өмірінде шамамен 80 мың адаммен кездесіп, көрісіп, біліседі екен. Мен кейінгі кезде өнім көрген, өзім білген ат арқасындарға бұрынғы-соңғы басшыларды, елдің, халықтың көзінде, көкірегінде жүрген азаматтарды жоғарыдағы дерек-мәліметтердің шеңберінде қайта өлшеп, қайта пішіп, қайта таразылап, қайта бағалай бастадым. Өз ойымды, өз пікірімді, өз бағамды халыққа ауызша да, жазбаша да жеткізіп келемін. Түсінгенім, түйгенім: оқыл-тоқыл, ізденіп, көп көріп, көп біліп білімді, тәжірибелі бола аласың, ал Құдай бермесе, не істесең де ешқандай да ақылды бола алмайсың. Ақыл – Алланың сыйы.

Ақылды адамдарға бөлудегі, сыйлаудағы Алланың шеберлігіне таңғаласың.

Бұл дүниеде үйім жоқ, күйім жоқ, малым жоқ, жайым жоқ, көлігім жоқ, білімім жоқ, жұмысым жоқ, ақшам жоқ деп жүрген адамдар көп, ал ақылым жоқ деп жүрген бірде-бір адам жоқ.

Сонымен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – Мұрат қалай Мұрат болды, өзінің жеке мұратына, қазіргі деңгейіне, дәрежесіне қалай жетті?

Біріншіден: Мұратқа ақылды Алла сыйлаған, туабітті таланты – тағдырының тартуы, ал білімді інемен құдық қазғандай тынымсыз, табанды, жасампаз еңбекпен, тәжірибені өмірлен, ортадан, елден, халықтан, тарихтан, уақыттан, сан алуан оқиғалардан мысқалдап, тырнақтап жинаған азамат.

Екіншіден: жоқтан бар пайда болмайды. Тақыр жерге шөп те шықпайды. Бәрі де текке, қанға тікелей байланысты. Мұраттың тектілігінің тамыры терең, бұтағы бүтін, жапырағы жасыл.

Түп атасы Нұртай мұсылмандықтың бес парызын бұлжытпай орындап, қажылыққа барған, Исламның ақ жолымен жүріп, барлық қағидаларын қалтқисыз орындаған киелі, қасиетті кісі болған. Өз атасы Әлімбет те Исламға бар жан-тәнімен беріліп, Алланың ақ жолымен жүріп, өз бақытын адал еңбектен тапқан адам.

Атасы Әлімбет өткен ғасырдың 30-шы жылдары қуғын-сүргіннің құрбаны болып, ел асып, Өзбекстанның Қоқан облысына қоныстанады.

Мұраттың әкесі Бақтияр Қоқанда өзбек мектебінде оқып, парсы, өзбек, орыс, қазақ тілдерін жетік меңгерді. Кейін елге келіп, адал еңбек етіп, жұрт қатарлы өмір кешеді.

Анасы Рысқұл де орыс мектебінде орта білім алған, сауатты, он сауағсынан өнері тамып тұрған, өте бір болымы таза азаматша болған. Әкесі мен анасы үш ұл, бір қызды тәрбиелеп өсіреді. Бәрі де өмірден өздеріне лайықты орнын тапқан жарастықты жандар. Әкесі Бақтияр өте бір кітапқұмар, газетқұмар, журналқұмар, көп оқитын кісі болған. Сонау жетпісінші жылдары 30-жақты орысша, қазақша газет-журналдарды жаздырып алады екен. Міне, Мұрат – әкесінің негесімен осылардың барлығын жастайынан оқып, санасына мықтап сіңіріп, білімқұмарлық, ғылымқұмарлық, сөз өнеріне құмарлық дерттеріне мықтап шалдыққан азамат.

Данышпан Абайдың «Сөз өнері дертпен тең» дегені осы да.

Үшіншіден: Мұрат қасиетті, киелі топырақта, өнегелі, өркеніетті елде, облыстағы Социалистік Еңбек Ерлерінің жартысына жуығын, облыстың үш бірдей бірінші басшысын тәрбиелеп шығарған Қызылорданың Швейцариясы – Шиелде дүниеге келді, ақылды ортада өсті, өнді, естиярлықтың есігін ерте ашты, білімнің, ғылымның, зерделіліктің арғымағанын үзеңгісіне алғаш ақ салды. Аты әлемге белгілі диқан, ақ күріштің атасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтан бата алып, еңбекқорлық пен бейнетқорлықтың үлгісін, үрдісін жанына жалау етті. Білімнің де, ғылымның да, бақтың да, бақыттың да атасы да, анасы да адал еңбек деп білді. Мұраттың білімге, ғылымға деген ынта-ықыласын, құштарлығын туғызған, санасында түбегейлі төңкеріс жасаған өзінің жақын туыс ағасы бүкіл одаққа белгілі ғұлама ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Шахмардан Есенов. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары Шахмардан Есенов Мұратты бірінші рет кездестіреді. Шәкең тұлпарды шаппай тұрып тұяғынан танитын, сұңқарды ұшпай тұрып қығынан танитын, кісі болар баланы бесігінен танитын дана бабаларымыздың ұрпағы ғой. Мұраттың жанарынан оның қабілет-қауқарын, талайын, талабын байқап: «Қарағым елдің, халықтың болашағы, келешегі білімде, ғылымда, сол жарқын да жасампаз жолға түс, бақытынды содан табасың» дейді. Сол күннен бастап Мұрат түрлі мамандықты игерем деген қиялдарын жиып тастап, түпкілікті, түбегейлі білімге, ғылымға бет бұрады.

Шәкең дуалы абыз, көріпкел абыз, әулие кісі ғой. Айтқаны айдай ақиқатқа айналды. Бүгінде Мұрат Бақтиярұлы өз бақытын білімнен, ғылымнан тауып отыр.

Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі төрт Халифтің бірі, бірегейі Әзірет Әлі Халиф болып тұрғанда бір ғұлама мынандай сұрақ қойыпты:

– Білім артық па, байлық артық па?

Сонда бабамыз білімнің артықшылығы жөнінде он түрлі бас бұлтартпас, дйекті дәлелдер келтірген екен.

«Біріншіден – білім артық, өйткені ол Пайғамбардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мирас».



Ұстаздары талантты, шәкірттері талапты

Бүгінде 25 жылдық тәжірибесі бар №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты – талантты түлектерді тәрбиелеп отырған іргелі білім ошағының бірі. Оның дәлелі, 1993-2014 жылдар аралығында аталған лицейді 855 оқушы бітірген болса, олардың 92-сі «Алтын белгі», 171-і «Үздік аттестат» иегері атанды. Өткен жылы 15 «Алтын белгі», 10 «Үздік аттестат» иегері білімін дәлелдеп, 100 процент ЖОО-ға грант ұтып алған болса, биылғы оқу жылында 11 «Алтын белгі», 5 «Үздік аттестат» иегері қорытынды аттестациялаудан білімдерін дәлелдеп шықты. Осы аталған мағыстардың жайымен толығырақ танысу мақсатында лицей-интернат басшысы Бақытжан Омаровпен сұхбаттасқан едік.

–Бақытжан Шайманұлы, лицей-интернаттың негізгі білім беру бағыты қандай?

–Лицей-интернат негізінен жаратылыстану-математикалық бағытта білім береді. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес математика, физика, биология, химия, информатика пәндерінен сабақ ағылшын тілінде жүргізіледі. Барлық оқу-төбіре жұмысы оқушының бүгінгі заман талабына сай жан-жақты тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Сондықтан да мұнда педагогикалық жұмынның оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды игеру мүмкіндігіне баспа назар аударылады. Қызылорда облысының білім басқармасы мен «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры ұйымдастырған білім сапасын анықтау үлгісі бойынша тоқсан сайын оқушылардың білім деңгейі сараланып отырады. Осылайша лицей мұғалімдері негізгі бағыттарын анықтап алып, нәтижелі оқыту сапасына жетіп отыр.

– Өткен оқу жылында 15 «Алтын белгі», 10 «Үздік аттестат» иегері өз білімін дәлелдеп, 100% ЖОО-ға грант ұтып алған екен. Осы оқушылар қандай оқу орындарына түсті? Яғни, олар қандай мамандықтарды таңдады?

– Иә, бүгінде лицей түлектерінің 98%-і техникалық мамандықтар бойынша еліміздің және шетел жоғары оқу орындарында білім алуда. Атап айтқанда, Н.Назарбаев университетіне 70 оқушы, «Болашақ» бағдарламасы бойынша 22 оқушы, «Петро-Қазақстан» компаниясының стипендиялық бағдарламасы бойынша Қытайдың жоғары оқу орындарында 43 оқушы түскен.

Өткен 2016-2017 оқу жылында 44 оқушы бітіріп, барлығы да өз таңдауларын жасады. Бүгінде олар Назарбаев университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, IT-Халықаралық университеті, Сүйлеймен Демірель университеті сияқты іргелі оқу орындарына және Қазақстанның басқа да облыстарындағы ЖОО-ға түсіп, техникалық мамандықтар бойынша білім алуда.

Биылғы оқу жылында 41 оқушы бітіргелі отыр. Олардың 36-сы ҰБТ тапсыруға өтініш берді. Ал 8 оқушы Н.Назарбаев университетінің грантын жеңіп алды. Жалпы лицей-интернат бірнеше жылдар бойы ҰБТ қорытындысы бойынша облыстағы жоғары балл жинаған мектептер қатарынан көрініп келеді. Оның бір себебі, оқушылардың болашақ мамандықтарына дұрыс таңдау жасауы болса керек. Айталық, биылғы білім сынағының барысында байқағанымыз, оқушылардың 80%-і жаратылыстану пәндерін таңдаған. Бұл өте орынды. Өйткені дәл осы кезеңде елімізде техникалық мамандықтарға деген сұраныс жоғары.

– Шәкірттің шыққан шыңы – ұстаз еңбегінің өлшемі. Осы тұрғыда лицей-интернаттың педагогикалық құрамы жайлы айтсаңыз...

– Бүгінгі таңда лицей-интернатта 30 жоғары білімді педагог қызмет етеді. Мұғалімдер интеллектісі жоғары, 50%-і ағылшын тілін меңгерген.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша өткен жылы 8 мұғалім курстан өтті. Бұл жұмыстар әлі де жалғасатын болады. Лицей-интернатта жаратылыстану-математикалық (математика, физика, биология, химия, информатика) бағыттағы пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. Ағылшын тілін оқыту мен үйрену сапасын жақсарту бағытында мұғалімдерге жыл сайын 2 рет емтихан өткізіліп, деңгейлері анықталып отырады. Лицей-интернат мұғалімдері 2016-2017 оқу жылында қаладағы инновациялық мектептерде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерден сабақ жүргізіп, тәжірибелерін толықтырды. Сонымен қатар, облыстың осы бағыттағы мұғалімдеріне арнайы семинарлар мен курстар өткізіліп, жаратылыстану пәндерінің терминологиясын меңгерту мақсатында дәрістер берілді. Лицей-интернат өміріне қатысты жетістіктер әрдайым сараланып, соған сәйкес мұғалімдердің еңбегі бағаланып отырады. Айталық, 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен 9 мұғалім марапатталса, 28 мұғалім облыстық деңгейдегі түрлі марапаттарды иеленді.

Білуімізше, жуырда лицей-интернатқа жаңа оқу жылына қабылдау емтиханы өтті. Нәтижесі қалай болды?

–Иә, жуырда Астана қаласындағы «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының орталық қабылдау комиссиясы әзірлеген қабылдау емтиханына 1000-ға жуық оқушы қатысып, нәтижесінде 48 оқушы алдағы 2018 -2019 оқу жылына лицей-интернаттың 7-сыныбына қабылданды.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Ғазиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы».

**Тектілердің тұяғы**

Арғы атасы Айбастан тарайтын Қалменнің бес баласының тұңғышы Омар атамыз аймаққа аты мәлім дуалы ауызды, иманжүзді, аузынан Алласы, қолынан Құраны түспейтін тақуа адам болыпты. Құдай қосқан қосағы Ұлбосын әже екеуі ұзақ уақыт бір перзентке зар болп, Сыр бойындағы Мүлкілән әулиенің басына барып түнгенде аруақтар аян беріп: «Тілектерің қабыл болды. Екі бала беремін, біреуінің атын Қожанияз, екіншісін Жұбанияз қоярыңдар» дейді. «Майлықұм» колхозын қақ жарып өтетін «Жіңішке» өзенінің екі жағына қоныс тепкен ауылдың шанды топырағында шапқылап балалықтың бал дәуренін өткізген, тақылдаған томшадай ақсары бала сол Қожанияздың Ерниязы қаршадайынан еті тірі дамыды. Ұлы Отан соғысы басталғанда тоғыз жасар Ернияз ерте жетіліп, буыны қатпай колхоздың ауыр жүгіне жегіледі. Өйткені, «шыңқажаным, шықпамен» әзер күнелтіп отырған Омар қалпе Құран Кәрім сурелерінен, аят, хадистерден алынған үлгі, өсиет, ғибрат сөздерді қарапайым халықтың санасына сіңірді де, бәзбір дүмше молдаларды пайда қуған жоқ. Қайта соғыс басталғанда бірінен соң бірі әскерге аттанған қос ұлы Қожаниязы мен Жұбаниязының жолына садақа деп қолындағы жалғыз биесін жетектеп әскери комиссариатқа барды. Айбосынов деген военком: «Ақсақал, біздің Сізге өкпеміз жоқ. Майданда қос азаматтыңыз бен сәйгуілі атыңызды алдық ғой. Мына биенізді бала-шағанызға талғауға етіңіз», – деген екен. Сонда деймін-ау, қалпаны жоқ, мәрт мінезді Омар атамыз тігерге қалған жалғыз тұяғын «Ұлы

Жеңіс үшін алыңдар» деуінің өзі қандай мәрттік десеңізші?!

1946 жылдың тамызы. Томашадай Ернияз бала Дәмбай, Әбдіраш, Жүсіпбек әкелерімен бірге қырманда астық бастырады. Күн болса төбені тесердей күйіп тұр. Шөлге қаталаса да, ораза ұстап жүрген көкелері аузы-мұрындарын шыт орамалмен тұмшалап, анда-санда қосқа барып ауыздарын жылымшы сумен шаяды. Сонда ересектермен қатар күнұзақ тыным таппай, жұмысқа жетіліп жүрген бала: «Сонша қиналдыңыздар-ау, көкелер. Ауыздарыңызды ашып жібермейсіздер ме? Ешкімге айтпаймын ғой», – десе: «Ой, баламай, сонда Алла тағаланың ажарын қалай көреміз? Тәуекел, шыдаймыз ғой» дейтін көкелері жыммып. Сондай дініне берік әкелері мемлекет мүлкін көздерінің қарашығындай сақтап, қырманнан бейсауат бір түйір дәнді сыртқа шығармайтын. Бір күні қырман қызып жатқанда ауылдық кеңес төрағасы Садық аға келіп, майданға астық жөнелтуде міндеттемелерін артығымен орындап жүрген әлгі көкелеріне «Тылдағы ерен еңбегі үшін» медальдарын тапсырады. Сонда иманды болғыр Әбдіраш әкей мен Дәмбай: «Уа, Садық! Мына баланың күнітүні төккен тері неге бағаланбайды? Бұл бізден кем еңбек етіп жүрген жоқ қой» дейді, төраға сөзге келмей, қаршадай баланың омырауына жарқыратып медаль тағып беріпті. Бұл Қожанияздың Ерниязының он үш жасында алған ең алғашқы мемлекеттік наградасы еді.

Әке-шешенің жалғызғы Ернияздан соң дүниеге келген нәресте-реп шетіне береді. Содан 1939 жылы туылған сәбиге ырымдап, нағашысы Қалидың есімі қойылады. Бұл болса, көздері тостағандай

ізінен томпаңдап жүгіріп жүрген інісін жанындай жақсы көретін... Әкесі әскерге кетіп бара жатып: «Апаң болса, қолхоздың жұмысында. Бауырыңа өзің бас-көз бол. Отқа, суға түсіп, жазым боп жүрмесін», – деп тапсырған. Сүк көз тиді ме, әлде төтеннен ауру жабысты ма, ізінен қалмай құлдыраңдап жүгіріп жүрген екі жасар бауыры Қали бір күні қалпақтай ұшып ауырды. Күннен-күнге жағдайы нашарлап, жанарлары жаудіреп, жанындағыларға жалбарына қарағанда мұның жүрегі қан жылайтын. Бірде оңашада інісінің денесін уқалап отырып, асқазан тұсында бір нәрсенің бұлтып, бүлк-бүлк соққанын байқайды. Көз алдында солып бара жатқан бауырын көріп, етбауыры елжіреп: «Әттең, мен есейіп, дәрігер болғанымда ғой, бауырымды өзім-ақ емдеп жазып алатын едім ғой» деп іштей егілетін. Атасының көрсетпеген жері қалмай, ақыры ем қонбайды. Жеті жасар Ернияз сондағы торсық шекке бауырының қазасына еңірегенін айтпайшы. Зерек бала солы жолы: «Көресіңдер әлі, ертең мен дөкей дәрігер боламын», – деп іштей бекінген болатын.

Алғашқы баспалдақ

1939 жылы «Жүргенбай тамындағы» мектеп үйінің табалдырығын аттаған еті тірі, пысық бала оқуда алғыр болды. Бұл – бастауыштан бастап сабақтары үстінде ұшқан шыбынның ызыңы білінбейтін Өмірбай мен мектеп директоры Төлеп Жәрекеев ұстаздарының терең ілімінің, темірдей тәртібінің де нәтижесі еді. Сөйтіп, жетіжылдықты «өте жақсыға» бітіріп, 1947 жылы облыс орталығындағы Фельдшер-акушерлер даярлайтын мектепке түсті. Бұл мектеп оқуы орыс тілінде жүретін. Бір ауыз орысшасы

Батыр қыз атындағы киелі білім өсіп-өркендеуіне, сонау педагогикалық қыздар училищесі кезінен бастап бүгінгі педагогикалық жоғары колледж атануында білім саласындағы өнегелі ісі үшін «ҚазақССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атанып, мемлекет тарапынан марапаттар иеленді.

Кейіпкеріміз өзінің қырық жылдай ұстаздық қызметінде мыңдаған шәкірттерді тәрбиелеп шығарды. Олардың санасында білім шырағын жағып, жүректерінде ізгілік нұрын ұлатты, өміріне қажетті білім берді. Шәкірттерінің арасында ел мақтанышына айналып, түрлі салада өзінің еңбегімен танылып жүргендері қаншама! Олардың арасында ғылым докторы, профессор, ғылым кандидаты, доценттер, қоғам және мәдениет қайраткерлері, аудан, шаруашылық, мектеп басшылары да бар. Қай шәкірт болса да, өздеріне тәлім-тәрбие берген, бойына жиған рухани қазинасымен бөліскен, ардақты да аяулы ұстаздарын әрдайым еске алып жүреді. Ұстазынан алған ізгі де асыл қасиеттерін келесі ұрпақ бойына дарытуға тырысса, көрген өнегесі мен ғұбратты істерінің жалғасы емес пе! Ал ұстазға бұдан асқан бақыттың қажеті де жоқ шығар. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел ертеңі кемел біліммен тәрбиелеп шығару ерен еңбекті талап ететіні белгілі.

Жүректегі жылуын, бойындағы бар мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын шәкіртінің бойына дарытуды ойлаған ұлағатты ұстазға мағыналы да ғибратты ғұмыр тілейміз. Жақсылық пен ізгілікке толы еңбек және өмір жолыңыз білім мен тәрбиені қатар ұстаған білім ордасында тәлім алып жүрген жастарға, ұстаздар қауымына әрқашанда үлгі болмақ.

Роза ШЕРМАХАНОВА,
М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі директорының орынбасары міндетін атқарушы.



жоқ он үш жасар Ернияз енді Ғани, Махамбетқали, Қарлыбай, Шәріпбай, Мақатай, Фарид, Нұртайлармен үш жылбойытай-құлындайтебісіпоқып, медициналық техникумды «Қызыл дипломға» тәмамдап, елге келіп, еңбек жолын Арысқұм, Қарақұм мал жайлауында фельдшер болып жалғастырды. Сөйтіп екі жыл табыс тауып, Алматы мемлекеттік медицина институтының ғұламалары

айналысқан, өзінен келешек үлкен ғалым-хирург шығады» деген. Алайда, туған жерімде, халқыма қалтықсыз қызмет атқарамын деп іштей бекініп жүрген оның бар арман-мақсаты қасиетті Сыр өңіріндегі жерлестерінің денсаулығы үшін күресу еді.

Өскен өркен

Адам баласының қоғамға сіңісіп, қалыптасуында оның дүние есігін ашқандағы отбасылық тәлім-тәр-

биесі, тұрмыс-тіршілігі мен өскен ортасының үлгі-өнегесінің әсері мол. Алапат аштық жылдары өмірге келіп, жоқ-жұқалау болып өсіп келе жатқанда соғыс сергелдеңі басталып, елдің еңесі түсіп, талай боздақтарынан айырылған зарлы заманның куәгері Ернияз Омаровтың өмір жолы оңай болмады. Әйтсе де, сол қиындықтардың бәріне қасқая қарсы тұрып күрескен ақыл-ойы орамды, өресі өжет бала алдына үлкен арман-мақсаттар қойып, тағдыр тәкітімен ысылып, жетіліп, жүрегіне жігер отын жандырып жоғарылай берді, жоғарылай берді.

1960 жыл. Аурухана хирургі жас маман Ернияз Омарұлы кеш әлетінде жұмысы аяқталып, сол кездегі өлкелік аурухана ғимаратынан ұзап бара жатыр еді, мейірбике Наташаның оқыстан шыңғырған дақсылынан кері ұмтылды. Келсе, зембінде ес-түссіз қанға боялып жас жігіт жатыр. Жүрек тұсынан пышақ салынған. Мұндайда уақыт қымбат. Деру операциялық столға алып, қос қабырғасын өткір скальпельмен жарып жіберіп ашса, жүрек қабы (перикард) кілкілдеп қанға толып, жүрек соғуын тоқтатыпты. Жалмажан сүк саусағымен перикардқа ревизия жасап еді, қою қошқыл қан сыртқа шаппып шығып, жүрек қайтадан бүлкілдеп соғып кетті. Осы кезде басқа хирургтер де көмекке келіп, аурудың тамыр соғысы мен қан қысымы қалпына келе бастады. Хирургтың шұғыл жасаған ем-шарасының нәтижесінде науқастың беті бері қарап, дәрігерлер консилиумы: «Сыр елінде жүрекке алғаш сәтті жасалған Ернияз Омаровтың отасы» деп бағасын берді.

Иә, Ераған медицина институты бітіріп келген соң, 1958-1961 жылдары Қызылорда қаласында «Жедел жәрдем» мен хирургия бөлімінде дәрігер-хирург, 1961-1967 жылдары қалалық денсаулық сақтау бөлімінің, 1982-1994 жылдары облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін жемісті атқарды. 1974 жылы «Іштен кеміс туған балаларды оперативтік-консервативтік тұрғыдан емдеу»

тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Құрметті зейнет демалысына шыққан соң да облыстық медицина қызметкерлері ардагерлер кеңесін және «Шапағат» қоғамдық қайырымдылық қорын басқарды. Медицина ғылымдарының кандидаты, профессор Ернияз Омаров 60-тан астам ғылыми еңбектің, 3 кітаптың авторы. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендері Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, ондаған медальдармен марапатталды. Бірнеше мәрте қалалық, облыстық кеңестің депутаты болды.

Ғибратты ғұмырын жас ұрпаққа мұра етіп, 2002 жылы «Өмір белестері» атты ғұмырнамалық хикаят, 2005 жылы Ұлы Отан соғысының 60 жылдығы қарсаңына «Ажалға араша», содан соң «Сыр медицинасы» кітаптары жазушы Ахат Жанав пен дәрігер-журналист Серікбай Смағұлтармен кеңесіп, көркемдеп, мыңдаған тиражден баспадан шықты.

Ұзақ жылдар бойы денсаулық сақтау саласында жемісті еңбек атқарған мемлекет және қоғам қайраткері Ернияз Омаров «Сырдария ауданының құрметті азаматы», «Қызылорда қаласының құрметті азаматы», «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атақтарының иегері.

Бұл күндері Ернияз аға мен Хадиса апа өркенін жайған қос бәйтерек іспеттес. Ұлдары Бақыт медицина ғылымдарының кандидаты, облыстық тері-венерология ауруханасының бас дәрігері болып жүріп марқұм болды. Келіні Алма Қызылорда қаласының білікті дәрігері, ал қыздары Тұрсынқұл, Гүлстан, Мира, Сарақұл республика көлеміне танымал әкжеленді абзал жандар. Сарасы – экономист. Ата-әже жолын қуған немерелеріне дінін дәрігерлер. Солардың бәріне де бір талап – жақсы адам атанып, өз мамандығын жақсы игеру, халыққа медициналық қызметті жоғары деңгейде көрсету.

Иә, ол қашан да шындықтың бетіне тура қарай білді, тайсақтап, жауырды жаба тоқу немесе лауазымы жоғарыларға жағымпаздандудан аулақ болды. Кеңес үкіметі кезінде елінің еңсесін тіктеп, өсіп, өркен жаяуна өзінің орасан зор үлесін қосты. Есімі Сыр өңірінің тарихында алтын әріптермен жазылған айтулы азаматтардың бірі де бірегейі Ернияз Омаров ағамыздың өмір жолы өнегеге толы.

Амангелді СУХАНБЕРЛИЕВ,
«Денсаулық сақтау саласының үздігі», жоғары дәрежелі дәрігер-хирург.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Бүгінгі біздің қоғамда сыбайлас жемқорлықтың зардабын тартпаған сала кемде-кем десек, артық айтқандық емес.

Себебі, қоғамның дертіне айналған сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің биліктің жоғарғы эшелондарынан бастап қарапайым қатардағы қызметкерлердің деңгейіне дейін көрініс тапқандығы, санамызда қалыпты жағдай ретінде орын алуы, қоғамдағы мәселелердің негізгісіне айналғандығы шындық. Әрине, жемқорлық тамыр жайған кез келген қоғамда кез келген саланың, қала берді, тұтас мемлекеттің тұрмайтындығы дәлелдеуді қажет етпейтін теорема.

Елімізде «Қазақстан-2050» Стратегиясының, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының жаңадан қабылдануы сыбайлас жемқорлықты азайтуға оң ықпалын тигізуде.

Оның көріністерін төмендетуге қол жеткізу алгоритмінің басты бағдарламалық құжаты болып табылатын 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру Қызылорда облысында тиімді жүзеге асырылуда.

Соның айқын көрінісі, бұл сипатта қылмыстар саны 2016 жылы 145 қылмыс болса, 2017 жылы 121 қылмыс орын алып, 16,6 пайызға азайған.

Сондай-ақ, жүргізілген сауалнамалар қорытындысына сәйкес, сыбайлас жемқорлық жағдайларына тап болғандардың да саны азайып отыр. Сауалнамаға қатысқан аймақ тұрғындары арасында 2016 жылы 26,4 проценті, 2017 жылы 24,3 проценті сыбайлас жемқорлық көріністеріне кездескендерін жеткізген.

2018 жылдың 1 тоқсанында облыста сыбайлас жемқорлық сипатындағы 39 (2017 жылдың 3 айында – 47) қылмыс тіркеліп, бұл өткен жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 17 пайызға азайған.

Әлемдегі жемқорлық деңгейінің көрсеткіші «Жемқорлықты қабылдау индексі» бойынша Трансперенси Интернешнл халықаралық рейтингтің ұйымы жүргізген зерттеу нәтижесінде Қазақстан сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 2017 жылы 31 балл жинап, 122-ші орын иеленген. 2012 жылмен салыстырғанда 11 позицияға көтеріліп, өз көрсеткіштерін жақсартқан (2012 жылы – 133 орын).

Рейтингке алғаш қатысқан сәттен, яғни 1999 жылдан бастап 31 ұпайға қол жеткізу еліміз үшін ең жоғары көрсеткіш болып отыр және барынша дамыған, жемқорлығы төмен мемлекеттер қатарына кіруге мүмкіндік берді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті жүйелі шаралар жүргізіліп келеді.

Атқарылған статистикаға көз жүгіртсек, 2018 жылдың I тоқсанында департамент жемқорлықтың алдын алу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын түсіндіру бағытында барлығы 799 іс-шаралар өткізді.

«Парасыз болашаққа. Бірге!» жобасы аясында департамент жанынан құрылған мобильді топ 2018 жылдың 5 айнада жалпы саны 170291 адамды қамтыған 868 кездесу мен қоғамдық қабылдау өткізді.

«Есіктен есікке!» жобасы аясында коммуналдық қызметтер бойынша ақы төлеу түбіртектеріне тіркелген 518226 флаер таратылса, қоғамдық көліктер мен халық көп шоғырланған орындарда 397345 плакат ілініп, парақшалар таратылды.

Рухани адамгершілікке және отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында облыстағы 284 орта мектептерінде «Адал ұрпақ» ерікті оқушылар клубы құрылып, жұмыс жасауда. 2018 жылы осы клубқа мүшелікке өткен оқушы саны 15 мыңнан асқан.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындары мен орта мектептерде, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарда тұрақты түрде жемқорлыққа қарсы бірыңғай оқу сағаттары және түрлі форматта кездесулер мен өзге де жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізіліп келеді. Іс-шаралар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен осы жат құбылысқа қарсы қоғамды кеңінен тарту мақсатында өткізілуде.

Б.БАЙХОЖАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.



Қазақ халқының «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөзі бар. Олай болса, қай дәуірде болсын жастарымыздың білімді, саналы болып шығуы үшін мектептен бастап бүкіл білім беретін оқу орындарының мұғалімдер ұжымына үлкен міндеттер жүктелері анық. Білім мен тәрбие беру – қиын да қастерлі еңбек. Бұл жолда талмай, тынымсыз еңбектеніп, шығармашылық ізденуді, үйренуді асыл мұратына, биік парызына айналдырғандар ғана мақсатына жете алатыны сөзсіз.

Шебер мұғалімдер ғана зеректік пен зерделікті сомдап, рухани құндылықтарды, өз мамандығының қыр-сырын терең меңгеріп, тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қабілетті, мәдениетті, өнегелі, заман талабын қанағаттандыра алатын жағдайда ғана халқының сеніміне ие бола алады.

Осындай ұстаз дәрежесіне талай шәкірттеріне адалдық пен адамдық жолын танытқан, жас ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелеген, тағылымды ойларымен, ерен еңбегімен танылып, бүгінде сексеннің сыйлы төріне шыққан Ұлтай Балмағанбетқызы әбден лайықты тұлға.

Саналы ғұмырының қырық жылға жуығын шәкірт тәрбиелеуге арнаған, қазақ қыздарын ұлттық тәрбие қайнарынан нәр ала отырып, отбасының ұйытқысы болуға бауылған ұстаз.

Ұлтай Балмағанбетқызы 1938 жылы 15 маусым күні Жалағаш ауданы, Аққұм ауылында дүние есігін ашқан. Аққұм ауылындағы мектепті үздік бітіреді. Қызылорда педагогикалық институтының жаратылыстану факультетін ойдағыдай аяқтаған соң, туған ауылына ұстаз болып

ТӘЛІМІ АСЫЛ ПАРАСАТ ИЕСІ

оралады. Сол алғашқы ұстаздық жылдарында айтқан: «Бәрінен де өз ауылында ұстаздық ету ауыр екен, айналамдағы адамдардың бәрі таныс. Көбісі туыс жандар. Мектептегі мұғалімдер кеше ғана алдынан шыққан, тәрбиесін көрген апай, ағайларым. Өзім химия, биология пәндерінен сабақ беретін төрт-бес сыныпта жүзден аса бала оқиды. Олардың қай үйдің, кімнің балалары екеніне дейін білемін. Соларға қарап тұтас ауыл алдында сабақ бергендей бо-

ламын. Бәрі де «Балмағанбеттің қызы қалай жұмыс істеп жүр екен» деп бақылап, бағып отырғандай көрінеді. Ең алдымен ел алдында ата-ана, ағайын-туыс абыройын төмендетпеді ойлады. Сол үшін де тынбай ізденіп, бұрынғы ұстаздарымнан жалықпай үйренуіме тура келді» деген сөздерінен жас маманының алғашқы тебіреністерін, өз кәсібінде деген сүйіспеншілігін, жүрегін тебіренетін қаншама шынайы сезімдері мен үлкен жауапкершілік жүгін сезінуін танимыз. Қазіргі мұғалімдер қауымы да осындай жауапкершілік жүгін сезініп, яғни, «бүкіл ел алдында сабақ өтіп отырымын» деп сезінетіндей болса, онда қоғамдағы көп талқыланатын жүрген мұғалім мәртебесі де әрдайым биік болар еді деп ойлаймын.

1960 жылдан 1980 жылға дейін №10 Ы.Алтынсарин атындағы мектепте, №11 мектепте, №1 қазіргі Қ.Мұхамеджанов атындағы мектептерде химия пәнінен сабақ берді, мектеп директорының орынбасары болды. 1980 жылдан 1996 жылы құрметті зейнетке шыққанға дейін М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжде еңбек етті. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, облыстық партия комитетінің мүшесі, Сырдария аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы, партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды.

Алдыңғы буын өкілдерінен үнемі үйренуден, тәжірибелі мамандардан тәлім алудан жалықпаған ізденімпаз жан аз уақытта өзін кәсіби маман ретінде танытып үлгерді. Әр сабағына мұқият дайындалып, өз оқытатын химия, биология пәндерінен лабораториялық жұмыстар, түрлі тәжірибелер жасауға көп көңіл бөлді. Биология кабинетінде түрлі өсімдіктер өсіріп, оны шағын жасыл бақ бөлмесіне айнадыра білугі – өз ісінің майталманы екендігінің бір ғана дәлелі.

[illegible]

Хабарландыру

Шиели ауданы әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) уықаскерлерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығына

маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны: 12 шілде 2018 жылы сағат 10-00 өткізіледі.

Өтетін орны: Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі №6, байланыс телефондары: 8(72432)-4-21-50, 4-21-27; sh_xsheli@mail.ru

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) уықаскерлерін тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынға балықстандыру көлемі (дана)
1	Ызақол	20	10 жыл	Көлде-тауарлық балық өсіру шаруашылығы	3500
2	Ханкожа	50	10 жыл	Өуесқойлық (спорттық) балық аулау	8750
3	Жүзбай	40	10 жыл	кәсіпшілік	7000
4	Жамайқа	110	10 жыл	кәсіпшілік	19250
5	Тауық көл	15	10 жыл	кәсіпшілік	2625
6	Өсеткөл	38	10 жыл	кәсіпшілік	6650
7	Сары көл 2	37	10 жыл	кәсіпшілік	6475
8	Ортақкөл	64	5 жыл	Қырылу кәуіпі бар су айдыны	11200
9	Сәменкөл	50	10 жыл	кәсіпшілік	-----
10	Қамыстықал	30	10 жыл	кәсіпшілік	5250

Конкурстық құжаттар топтамасын Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі №6 үйден алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының галамтор-ресурсында (www.tabigat.e-kyzylorda.gov.kz) жарияланады. Конкурстық етінімдерді қабылдау мерзімі –2018 жылдың 11 шілдесі сағат 13.00-ге дейін. Етінім тігмлер күйінде, немірленген бетгерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (бар болғанда).

Конкурстық комиссия.

Кызылорда областасын максаттаптык комиссиянын шешими
1-майдын 2018 жылы №205 Кызылорда калкынан

«Әлеуметтік мәні бар ауданаралық жоласушылар теміржол қатынастарын тәжісбен бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 мамырдағы №25 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мәжілістің тіркелу № 6317, 2018 жылғы 11 аусым

«Құқықтық актілер жүйесі» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіртіндегі Жиналы 50-бабына сәйес Кызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ қабылдады:

1. «Әлеуметтік мәні бар ауданаралық жоласушылар теміржол қатынастарын тәжісбен бекіту туралы» Кызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 мамырда №25 шешімінде (перспективте құрылым аутилері менестігі, іркеу Тізілімге 5332 нөміерін тіргезген, 2016 жылғы 14 маусымда «Сыр бойы және «Ақморыяны» нести» гүретілген; 2016 жылғы 22 маусымда «Әдетте» жоғарықта құрылым ауиесінде жарияланған) міндәді өткізген ентілісіне;

агатаң несиені қосымасына осы шешімнің қосымасына сәйес жана редакцияға жазылды.

2. Осы нести ағтанасы ресми жарияланған күнінен күші күтілетініне он күн өткен соң қолданыста ентілісіне.

Кызылорда облыстық мәслихатының несиені тағатына сәйес
20-несімшесін таратасы
К.У.Арсов.

Кызылорда облыстық мәслихатының тағатына сәйес
Н. Байқадамов.

Кызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 01 (01 маусым) №25 несиеніме қосымасына
2016 жылғы 19 мамырдағы №25 несиеніме қосымасына

Әлеуметтік мәні бар ауданаралық жоласушылар
теміржол қатынастарын тәжісбен

№	Қаламстер
1	Қызылорда – Бесарық (Жайлағандар ауылы)

Кызылорда областасын максаттаптык комиссиянын шешими
1-майдын 2018 жылы №210 Кызылорда калкынан

«Жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемдері молшерлемелерін арттыру туралы» Кызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №302 шешімінің күшін жою туралы

Мәжілістің тіркелу № 6318, 2018 жылғы 11 аусым

«Құқықтық актілер жүйесі» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіртіндегі Жиналы 50-бабына сәйес Кызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ қабылдады:

1. «Жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемдері молшерлемелерін арттыру туралы» Кызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №302 несиенікте максаттаптық комиссиянын тіргезу Тізіліміне 5194 нөміерін тіргезген, 2015 жылғы 31 қазанда «Сыр бойы және «Ақморыяны» нести» гүретілген; 2015 жылғы 01 қарашадан «Әдетте» жоғарықта құрылым ауиесінде жарияланған) шешімінің күші жоқойлды деп тағынды.

Осы нести ағтанасы ресми жарияланған күнінен күші күтілетініне он күн өткен соң қолданыста ентілісіне.

Кызылорда облыстық мәслихатының несиені тағатына сәйес
20-несімшесін таратасы
К. У. Арсов.

Кызылорда облыстық мәслихатының тағатына сәйес
Н. Байқадамов.

Хабарлама

Қазақстан Құмқол Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы №1212-III Қазақстан Республикасының Экожісін 57-бабының талаптарына сәйкес (17-26) кенішіндгі СП-6 спутнінгінде ұшфазалы сөне оператор бөлмесін орнату» жұмыс жобадегі құжаттамадың мемлекеттік экологиялық жаулаңданандығы жайлы хабарлайды.

мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге кеніс сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-підрі мүмкіндігі беріледі.

ама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

Қазақстан Құмқол Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы №1212-III Қазақстан Республикасының Экожісін 57-бабының талаптарына сәйкес (17-41) кен орнында МАЖАС-та ыстық су дайындау жұмыс жобасы жөніндегі құжаттамадың к экологиялық сараптамаға жаулаңданандығы арнайды.

мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге кеніс сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-підрі мүмкіндігі беріледі.

ама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

Жарамсыз деп есептелсін

ЖАРДЕМАҚЫ ЖӘНЕ АЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДЕН БАНКТІК ЗАЕМ БОЙЫНША БЕРЕШЕКТІ ӨНДІРІП АЛУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ!

Халыққа банктік қызмет көрсету деңгейі осы заманғы қоғам дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып қала береді. Бүгінде қаржы қызметтері тұтынушыларының құқықтарын қорғау біздің елімізде маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда халықтың басым көпшілігінде екінші деңгейдегі банктер алдында заемдарын өтеу бойынша міндеттерін бар, сонымен қатар олар таныстарының, туыстарының, әріптестерінің заемдары бойынша гарант, кепіл беруші де болып келеді.

Заемдар бойынша мерзімінен өткен берешек пайда болғанда, банктер пайда болған берешек сомасына өндіріп алу жүргізуге құқылы.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 36-бабына сәйкес (бұдан әрі – Банктер туралы заң), банк төлем қабілеті жоқ қарыз алушыға қатысты мынадай шаралар қолдана алады, соның ішінде, Ұлттық Банктің нормативтік-құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен, қарыз алушының талабы бойынша ашылған банк шоттарындағы, қарыз алушы мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан төленетін жәрдемақылары мен әлеуметтік төлемдер түрінде алатын ақшаны қоспағанда, қарыз алушының кез келген банк шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп ала алады. Сонымен, банктік заем шартында қарыз алушының кез келген шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алу құқығы туралы талаптар орын алса, банк, заем бойынша пайда болған берешекті өндіріп алу үшін бөрышкердің банктерде ашылған шоттарына төлем талап-тапсырмалар қояды.

Банк алдында заемдарын өтеу бойынша міндеттері бар және мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді қабылдаушы болып табылатын жеке тұлғалар аталған төлемдерін банктің өндіріп алуынан сақтап қалуы үшін ағымдағы шоттың белгілі бір бағытын көрсететін өтінішін (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің түсуі жайлы) және жеке басын растайтын құжатын банкке ұсынып, **бөлек¹** банктік шот ашуы қажет.

Сондай-ақ, жеке тұлға аталған шоттың ашылуы жайлы ақпаратты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының бөлім-шесі (бұрынғы «Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы» РМҚК) немесе Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорының назарына ұсынуы тиіс.

Жәрдемақы немесе әлеуметтік төлемдердің түсуі үшін «арнайы» шот ашылғаннан кейін, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан төленетін жәрдемақыны және әлеуметтік төлемдер түрінде түсетін ақшаны заемдар бойынша (несипелер) берешектерді өндіріп алу мақсаты үшін пайдалануға жол берілмейді. Сондай-ақ, аталған төлемдерге қатысу жоқ басқа төлемдердің осы шотқа түсуіне де жол берілмейді.

Аталған шаралардың негізгі идеясы, ол - әлеуметтік көмек ретінде халыққа мемлекетпен кепілденген әлеуметтік төлемдердің, қандай да бір басқа тұлғалардың оларға деген дәмөгейілігісіз, жеке тұлғалармен ғана алынуында.

Бірақ, егер клиент жәрдемақысы мен әлеуметтік төлемдерінің түсуі үшін «арнайы» бөлек шот ашпаса, онда оның аталған төлемдерінің түсуі банктің өндіріп алуынан сақтала алмайды.

Сондықтан жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің түсуі үшін «арнайы» бөлек шоттың ашылуы ақшаны өндіріп алудан сақтауға көмектесетін құрал болып табылады және ол жеке тұлғалардың өздерінің жеке мүддесімен ғана жүзеге асырылады.

Туындаған барлық сұрақтар бойынша, сіз Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының мына мекен-жайына хабарласа аласыз: Қызылорда қаласы, Б.Асқар көшесі, 30 үй, тел.: 8-724-2-55-1525 (шікі 3157, 3127, 3158).

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 шешімімен белгіленген «Міндеттердің банктік шоттарын ашу, жүзеге асыру жайы» туралы Қисаға

2018 жылғы ІІІ тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Өзбекбай Сәйтқамалұлы	Дүйсенбаев Өзбекбай Сәйтқамалұлы басыны	Сәрсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Ексербаев Әділбек Тайжанұлы	Ексербаев Әділбек Тайжанұлы басының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімханұлы	Мырза Қанат Әзімханұлы басының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-274959
	Оспанов Тимур Ермекұлы	Оспанов Тимур Ермекұлы басының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының буылынуы жоқ бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаментіне (87242) 26-17-84, аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33) 22384, Қазалы (8724-38) 22101, Байқоңыр (8336-2) 273818, Қармакшы (8724-37) 21443, Сырдыра (8724-36) 21351, Жалағаш (8724-31) 31831, Шіелі (8724-32) 41067, Жаңақорған (8724-35) 22083 («сенім телефоны») жұмыс істейтінін хабарлайды.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ
 Қызылорда қаласында украиналық құралмен
 жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш
 сатылады. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777
 058 24 69.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу Қағидаларына 3-Қосымша

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаның (жобаның) 2017 жылға орындалуы жөнінде мәлімет																											
Газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы																											
№ p/c	Реттелін көрсетілетін қызметтерді (тауарларын, жұмыстарын) жоспарлы және нақты ұсыну көлемдері туралы ақпарат							Пайдалар мен залалдар туралы есеп***	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландыруын нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламала (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат								Бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобадағы) көрсеткіштерден нақты қол жеткізілген көрсеткіштердің ауытқу себептерінің түсіндірмесі	Ұсынылатын реттелін көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сипасы мен сенімділігінің артуын бағалау	
	Реттелін көрсетілетін қызметтердің (тауарларын, жұмыстарын) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралардың атауы	Өлшем біраігі	Заттай көрсеткіштігі саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде көрсетілетін қызметті ұсыну кезеңі	Жоспар		Факт	ауытқу	ауытқу себептері	Өз қаражаты		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі (нақты), %		Бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша ысыраптардың төмендеуі, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша авариялықтық төмендеуі					
				жоспар	факт							Амортизация	пайда			откен жылғы факт	ағымдағы жылғы факт	откен жылғы факт	ағымдағы жылғы факт	жоспар	факт	откен жылғы факт	ағымдағы жылғы факт				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26		
		2017 жыл бойынша барлығы						20 982	20 809	-173				20 809													
		Жоба бойынша барлығы						9 164	9 134	-30				9 134													
1		Қызылорда қ. көшелік газ тарату желілері жоқ (ақ дақтар) жеке секторындағы тұрғын үйлердің учаскелеріне дейін газ құбырларын жеткізу						9 164	9 134	-30				9 134													
1.1		0,6-0,003МПа сыртқы газ құбырын салу (Талаптан қош., Егізбаев қош., Қаратағай қош., Жаппасбай батыр қош. - Артемов қош., Каспий қош. - Тараз қош. («СНМК-70» ауданы)	км	2	2	2017 ж		9 029	9 000	-29				9 000													
1.2		Техникалық қалағалауды жүргізуге арналған шығындар	қызмет	1	1	2017 ж		117	116	-1				116													
1.3		Авторлық қалағалауды жүзеге асыруға арналған шығындар	қызмет	1	1	2017 ж		18	18	0				18													
		«2017 жылға арналған Қызылорда өндірістік филиалының күрделі салымы және жаңа активтерді құру» жобасы																									
1	Қызылорда қ. газ тарату желілері арқылы табиғи газды тасымалдау	Жоба бойынша барлығы						11 818	11 675	-143				11 675													
1		Машиналар мен жабдықтар және беріліс қондырғылары		3	3			11 818	11 675	-143				11 675													
1.1		Қызылорда облысы, Өйтеке би кенті, Өйтеке би АІТС-да орнатылған Flowtec 600 SN:15118544 түрлендіргішін күрделі жөндеу	жинақ	1	1	2017 ж		9 100	9 000	-100				9 000													
1.2		Қызылорда қ. газды редуцирлау торабында (ІРТ) орнатылған Gas Ultrasonic Flow Meter FT 3400, SN: 13-350217 ультральдыстық есептегіштің негізгі желісінде CPU төлемін күрделі жөндеу	дана	1	1	2017 ж		2 436	2 400	-36				2 400													
1.3		Қызылорда қ. АІТС-2 шығуында ауыстырып қосу торабында орнатылған Siemens (Sitrans TS500) температура датчигін ауыстыру	дана	1	1	2017 ж		282	275	-7				275													
		2017 жыл бойынша барлығы						20 982	20 809	-173				20 809			40%	53%	2,8%	2,9%	0,37%	0,70%	-	3	Өндірістік көрсеткіштердің нашарлауы (тасымалдаумен ысыраптар көлемі) «Кристалл Менеджмент» АҚ көлемінің болмауымен және «Қызылордажылуж-электротрассағы» МКК тоқтыра алмауымен байланысты		

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ҚАЛА ТОЙЫНА ТОЛЫМДЫ ТАРТУ



– Осыған дейін парсы, иран суретшілерінің шығармаларымен танысқан болатынбыз. Бүгін, міне, қазақ халқымен тарихы бір, бауырлас ноғай ұлтының өкілі, кәсіби суретші Әлібек Баймұратұлының туындыларына куә болып отырмыз. Әрбір картина үлкен тарихпен астасып жатыр. Суретшінің басты ерекшелігі суретті туып пен қауырсын арқылы салуында. Бұл үлкен шеберлік пен дарындылықты талап етеді. Мұндай өнерді игерген талантты суретшіге тек шығармашылық табыс тілеймін, – деді Р.Рүстемов. Ноғай суретшісі Әлібектің жұмыстарының басым көпшілігі тарихи тақырыптарға арналады. «Қорқыт даласы» көрмесінде

Облыстық көркемсурет галереясында ресейлік суретші Әлібек Қойлақаевтың «Қорқыт даласы» атты жеке шығармашылық көрмесі басталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына арналған шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Q MED «Сана-Сезім» ЖШС ұйымдастыруда. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, қылқалам шеберінің шығармашылығына табыс тіледі.

абыз Қорқытты, Томирис ханшайым мен Абылайханды, Алтын адам, Қыпшақ қызы секілді тарихи туындыларды тамашалауға болады. Қауырсынмен туып арқылы салынған графикалық жұмыстар ерекше әсер қалдырады.

Танымал суретші бұған дейін Түркияның Анкара, Стамбұл және Эскишехирінде, еліміздің Астана, Ақтөбе қалаларында өзінің жеке көрмесін өткізген.

көрмедегі туындыларым арқылы батыр, өр халықтың ұрпағы екенімді көрсеткім келді. Әрбір суретті саларда батырлар мен хандар жайлы жазбаларды зерттеп, олардың бітім-болмысын, мінез-құлқы жайлы мәлімет жинақтап барып, салуға кірісемін. Зерттеліп, зерделенген дүниеден жақсы бейне жасауға болады, – дейді суретші.

Айта кету керек, көрме 14-24 маусым аралығында өтеді.



– Қызылорда қаласына бірінші рет келуім. Халық өте қонақжай екен, өз елімде жүргендей сезіндім. Тарихымыз бен тілімізде ұқсастықтар өте көп. Менің шығармашылығымға қызығушылық танытып, шақырғандарына қуаныштымын. Мен

Әлібек 18-маусымнан бастап жас суретшілер үшін галереяның ИЗО студиясында шеберлік сағаттарын өткізеді.

Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

Оқиғаның желісі былайша өріледі: Бақытты өмір кешіп жатқан жас отбасы тосын жағдайға тап болады. Сүйген жары ұлтшыл деген баппен сотталып кеткеннен кейін Ақиддардың басынан небір ауыр күндер өтеді. Ал қартайған шағында өзегін жарып шыққан өз баласынан көресіні көреді. Ішкілікке салынды, адамшылықтан безген кіші ұлы мен келіні қарияның үйінен құйып шығады. Қара шаңырағын қимай, артына қарай-қарай кете барған қарт ана қаладағы үлкен ұлының қолына келеді. Мұнда да көңіллі жайланбады. Ұлы құшақ жая қарсы алғанымен, келіні оң қабақ танытпады. Қарияның үстінен шыққан ауылдың иісін тіпті жаратпады. Көңілі жабырқаған кеуіуана күн сайын Кеңсайға барып, өткен шағын ой елегінен өткізетін. Бірде сол жерден хабарсыз кеткен алғашқы жарын жолықтырады. Осыдан кейін ғана оның өміріне оң өзгеріс енеді.

Біз бұл мақаламызда Сыр өңіріндегі дара өнер ордасы Н.Бекежанов театрында 44 жыл еңбек етіп, талай образдарды сәтті сомдаған Кәмила Әбжанованың образын ашуды жөн көрдік. Негізі, оның бұл салаға келуіне режиссер А.Тоқпанов септігі болған еді. Сол кісінің шақыртуымен 1972 жылы Алма-

Н.Бекежанов

атындағы драма

театрында драматург

Л.Егембердиеваның «Көресінді көрмей» спектаклі қойылды. Спектакльдегі Ақиддар ана рөлін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Кәмила Әбжанова сомдады. Бірнеше жылдан бері талай сахналарда қойылып, көрермен көңілінен шыққан бұл туынды Кәмиляның да жанына жақын. Себебі, ол қоғамнан бір, тағдырлан бір тауқымет тартқан ана мұңын жан жүрегімен сезінді. Ой санасын ойсыратып өткен осынау әсерді көрермен көңіліне қапысыз жеткізуге тырысты. Бір уақ бақытсыз ана кейпіне еніп, шарасыздықтан шарқ ұрды. Жылдары, күлді, жұбанды. Спектакльді көре отырып, есірген ұл мен кесапат келінінің әрекетіне күйзелесің, көзіңе жас үйіріледі. Шарасыз қалған ананы айсың... Әйтеуір, соңында жанына жұбанып тапқанына қуанасың.



ӨНЕРГЕ ӨЗІНДІК ӨРНЕК САЛҒАН...

тыдағы М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрының студиясын, одан кейін 1996 жылы Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы театр және кино институтының драма актері факультетін бітірді. Осыдан кейін ол үшін тек арман болып келген театр өнеріне данғыл жол ашылды. Бойындағы қабілетін шыңдап, кәсіби білім алған ол 1972 жылы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына жұмысқа орналасқан еді. Осынау өнер шаңырағында 44 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бүгінге дейін жүздеген рөлді сомдады. Олардың қатарында Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуындағы» Мақпал, Р.Отарбаевтың «Қандыөзек» спектаклінде Жалқытайдың анасы, Е.Төлеубайдың «Женгітай» комедиясында Толым, И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы» поэтикалық драмасында Баронесса, М.Ф.Ахундзадеңің «Кетпейсің! Болды, кетпейсің!» комедиясында Ханпері, Ә.Тәжібаевтің «Екі даурен, бір ғұмырында» Ділде, жоғарыда айтып өткен Л.Егембердиеваның «Көресінді көрмей» драмасында Ақиддар бейнесін кемеліне келтіре ойнап, көрермен көңілінен орын алды.

Өнерде өз қолтаңбасын қалдырған актриса К.Әбжанованың

еңбегі әркез лайықты бағаланды. 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1998 жылы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан ЛКМС орталық комитетінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2000 жылы «Қызылорда облысының құрметті азаматы», 2005 жылы – Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» арнаулы белгісін, 2009 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын иеленді. Ал 2016 жылы театрда белгіленген Ш.Бәкірова атындағы ауыспалы жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ, таяу күндерде аталып өткен мәдениет саласы қызметкерлерінің төл мерекесінде К.Әбжановаға мәдениет және спорт қызметкерлері салалық кәсіподағы облыстық филиалының «Еңбек даңқы» төсбелгісі табысталды.

Айта кетейік, актриса өмірлік жары Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Б.Алпысбаевпен елу жылға таяу өнер сахнасында бірге еңбек етіп келеді. Олардың өнердегі шыққан биігін әріптестері де жоғары бағалайды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

АРМАНҒА ТАЛПЫНҒАН ЖЕТЕДІ

Қатал тағдыр әркімге әртүрлі сый дайындап тұрады. Қандай тауқымет көрсен де мойымайтын жандар болады. Солардың бірі – Талсұт ауылдық округінің тұрғыны Құлпаш Құншығарова.



Ол өмірдің қатал сынағына түссе де өзінің бар күш-жігерін жинап көпке үлгі болуда. «Қайсарлықты үлгі еткен жеті тағдыр» атты кітаптың кейіпкері болған Құлпаш апай өткен жылы «Жыл өнерпазы» атанды.

Өзінің арманына қол жеткізу үшін, Құлпаш айналым көп дайындық жасады. Жылдар бойғы еңбегін халыққа паш етіп, «Асыл арман» атты жеке шығармашылық кешін өткізді. Өзінің өнердегі достарымен ән шырқап, халықтың ықыласына бөленді. Жаны жайсаң жан, керемет дауыс иесі ән шырқағанда көрермендер көздеріне жас алып, оның батырлығы мен қайсарлығына тәнті болды.

Иә, арманға талпынған жетеді деген осы. Тамаша дауыс иесінің әлі де жетер белесі алда деп сенеміз.

Жазира ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ,
мүдектерге арналған
оңалту орталығының
кітапханашысы.



Дәстүрден танбай, қолөнердің қадірін арттырып, оны заманауи технология тілімен үндестіріп жүрген жандар аз емес. Ұлттық брендті қалыптастыру жолында аянбай тер төгіп жүргендердің қатарынан Астанадағы «Алтын орда» авторлық үйінің негізін қалаушы Ырза Тұрсынзада да табылады. Жұырда ата-бабадан қалған асыл мұраны сақтап қалу, ұлттық дүниеге көзқарас, ізбасар тәрбиелеу жөнінде қолөнершімен әңгімелескен едік.

ҚОЛӨНЕР – КӨҢІЛ ҚАЛАУЫ

Ине мен жіпті жанына серік еткен кейіпкеріміз қолөнерге бала кезден құштар екен. Анасының тігін машинасын ерте иемденіпті. Осылайша, ескі сандықты сәндеп, құрақ көрпе тігуге әуестенген. Этнодизайнер әуелде басқа кәсіппен айналысқанымен, сонында ісмерлік өнерге деген ынтасы мен ықыласы ақыры жеңгенін айтады. Негізгі мамандығы биология пәнінің мұғалімі болса да, оны тастап, «Алтын орда» авторлық дизайн үйін құрған. Алғашқы топтамасы алты құрақ көрпе мен жастықтан ғана тұрған екен. Ал қазір Ырза Тұрсынзада бастаған шеберлер тобы толықтай қазақы нақышта үй сәндеп, қыз жасауын, кестелі ұлттық киімдер тігумен айналысады. Өз ісіне аса ыждағаттылықпен қарайтын дизайнер әр бұйымды тігуден бұрын оның тарихына да ерекше мән береді.

– Әу баста ісмерлікті еріккеннің ермегі деп санағандар болғаны бар. Олар бұл кәсіпті пайда әкелетініне де күмәнмен қарады. Бірақ қолөнер – мен үшін табыс табудың көзі емес, көңіл қалауым, ұлттық дүниелерге деген құштарлығым. Сондықтан болар, бұл кәсіпке көп күш пен қаржы салдым. Уақыт өте келе

халықтың ұлттық бұйымға деген қызығушылығы бас қаламызда осы кәсіпті жандандыруға себеп болды. Ермек қылып жасаған алғашқы заттарым – алтын көрпелер. Сондықтан мекеме аты да осымен байланыстырылды. «Алтын Орда» компаниясының жұмысы қазір ілгері басқанын қуанышпен айта аламын. Бүгінде бізде «Deluxe» санатындағы көз жауын алатын дүниелерге сұраныс жоғары. «Шалқардағы суреттер» атты вернисаж көрпе, «Оюлы әуендер» деген көрпелер топтамасы, «Жібектің жасауы», «Баянның жасауы» деп аталатын туындылар да көптің игілігіне жарауда. Сонымен қатар мен тапсырыс алғаннан кейін сол отбасының тарихын зерттейтінім де бар. Ұлттық бұйымдар тек әдемі ғана болмауы тиіс, отбасының тарихынан сыр шертеді дұрыс. Оның түп негізі, тарихи тамыры сақталуы қажет. Сондықтан арнайы қалаларға, мұражайларға барамын, – дейді шебер.

Қолөнершіден өз ісіне қандай отандық тауарларды қолданатынын да сұрадық. Жастықтардың ішіне салатын мамық көбіне Қарағанды зауытынан, ал киіздер Талғар зауытынан тапсырыспен алынады екен.

Әсем дүниелердің бағасы нарық талабымен байланыстырылған. «Алтын орда» бұйымдары эконом, бизнес және элит кластағы бұйымдар болып бөлінеді. Бағасы 40 мың теңгеден басталады. Ең қымбат көрпе – 270 мың теңгеге дейін барады екен. Сондай-ақ, Ырза ханым қолөнерге қанықсам деушілерге бар білгенін үйретуге даяр.

– Жоғары эксклюзивті туындылар жасау үшін дайындығы жоғары шебер қашанда қажет. Бұл мәселе бойынша қиындықтарға да тап келген едік. Әсіресе, бізде кесте тігетін, көрпе құрақтайтын қыз-келіншек тапшы. Шебер іздеп, табанымнан таусылған кездерім аз болған жоқ. Содан кейін шеберлерді елден іздемей, өзім үйретіп, дайындауым қажет екенін түсіндім. Сөйтіп, ақылы түрде шеберлік сабақтарын ұйымдастырдым. Бұдан нәтиже шықпады. Ақылы сабаққа қарапайым халық келмеді. Келушілердің дені тек бизнестік көзқараста, яғни ұлт өнерін дамытсам деп емес, үйреніп алып, пайда тапсам деген ниетте болды. Ақыры шеберлік сабағын тегін үйрететін болдым. Қазір облыстарды аралап тегін шеберлік сабақтарын өткізіп

жүрмін. Келушілердің қатары қалып болады. Қыз-келіншектер көп нәрсе үйренуге тырысады. Қолөнердің бар құдіреті, тигетей нәрсені көрсетсең, қолына ине алмаған қыздардың өзі тігуді бастап кетеді. Әлеуметтік желіде де, «Youtube» каналында да видеосабақтар өткізуді қолға алып отырмын, – дейді кейіпкеріміз.

Ырза ханым ісмерлігімен аз уақытта шетелдіктерді де тәнті еткен. Мәскеу, Франция, Италия, Германия секілді сырт елдерге шыққанда шебер қазақ мәдениетінен сыр шертетін бұйымдарды насихаттап, нағыз өнер кеніші елдің ішінде екенін айта жүреді екен. Ырзығын қолөнерден тапқан Ырза Тұрсынзаданың бұл еңбегі де лайықты деңгейде бағаланып отыр. «Алтын орда» дизайн үйі Президент тағайындаған «Алтын сапа» сыйлығына ие болған. Мекеме «Қазақстанның ең үздік өнімі» байқауынан бес рет қатарынан жеңімпаз атанған. Ал, Қазақстанның кәсіпорындары үшін «Алтын сапа» Оскар сыйлығымен тең.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі: Департамент) «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тауарлық газдың бөлшек саудада

сату қызметіне баға жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау 2018 жылдың 20 маусымында сағат 10-00-де, мына мекен-жайда өткізіледі: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №25, 3-қабат, мәжіліс залы.

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар,

мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Анықтама үшін департаменттің 26-23-67, 27-79-74, 26-37-98 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

Меншік иесі
СЫРБӨЙІ МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30315
Тапсырыс №926

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz